**Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ КЕАҚ және "Carboflow" ЖШС арасындағы ынтақтастық туралы МЕМОРАНДУМ**

**Ақтөбе қ.** **"05" наурыз 2024 ж.**

**«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ** (бұдан әрі "Университет") атынан **Басқарма Төрағасы – Ректор Қарабасова Лаура Чапайқызы** және **"Carboflow" ЖШС** (бұдан әрі "Компания") атынан **бас директор Қаржаубаев Нұрлыбек,** бірлескен ынтымақтастықты нығайту мақсатында осы ынтымақтастық туралы меморандумға (бұдан әрі - Меморандум) қол қойылды.

## 1. МЕМОРАНДУМНЫҢ МӘНІ

1.1 Тараптар өздеріне әріптестік қатынастар жүйесін құру жөнінде міндеттемелер қабылдайды, оның шеңберінде сарқынды суларды тазарту жөніндегі қолданбалы жобалар бағытында ұзақ мерзімді, тиімді және өзара тиімді ынтымақтастықты, сондай-ақ білікті кадрларға қажеттілікті қанағаттандыру мақсатында өзара іс-қимылды ұйымдастырады және дамытады.

1.2 Тараптар осы Келісімде көзделген мәселелер бойынша ақпарат алмасуды жүзеге асырады, өзара кәсіби консультациялар мен бірлескен жұмыс кездесулерін өткізеді және ынтымақтастық бағыттары бойынша ортақ шешімдерді әзірлейді.

1.3 Осы Келісімнің белгілі бір міндеттерін шешу және іске асыру үшін Тараптар жұмыс топтарын құра алады.

## 2. ТАРАПТАР ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

2.1 Компания білім алушылардың және оқытушылардың да құзыреттілігін арттыру бағытында семинарлар өткізеді. Ағынды суларды тазарту саласында тәжірибе алмасу үшін дөңгелек үстелдер, семинарлар, ғылыми-практикалық конференцияларды бірлесіп өткізеді.

2.2 Компания Университет түлектері арасынан кадрларды іріктеуді жүзеге асыруға құқылы.

2.3 Университет компания қызметкерлерін білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес бакалавриат, магистратура деңгейлерінде модульдік білім беру бағдарламасын әзірлеуге тартады және компанияның мүдделерін ескереді.

2.4 Компания қызметі бағытында бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізіледі.

2.5 Университеттің білім алушылары кәсіптік практиканы білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес Компания базасында өтеді.

2.6 Тараптар дипломдық жобаларды, магистрлік диссертацияларды, бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын, ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық, шаруашылық келісімшарттық жұмыстарды және гранттық жобаларды дайындау үшін бірлескен тақырыптар мен бағыттарды әзірлеуге қатысады.

2.6 Тараптардың құзыреті шеңберіндегі ынтымақтастықтың өзге де нысандары жүзеге асыра алады.

## 3. БАСҚА ШАРТТАР

3.1. Осы Меморандум белгіленбеген мерзімге жасалды. Меморандумның күші біржақты тәртіппен бұзу арқылы тоқтатылуы мүмкін.

3.2. Егер Тараптардың бірі осы Меморандумның қолданылуын тоқтатуға ниет білдірсе, онда бұл туралы басқа Тарапқа алдын ала келісілген бұзу күнінен 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей жазбаша түрде хабарлауы қажет, содан кейін Меморандум бұзылған болып саналады. .

3.3. Осы Меморандумға енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде ресімделіп, Тараптардың қолдары қойылуы тиіс.

3.4. Осы Меморандум екі Тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

3.5. Осы Меморандум күші бірдей екі данада орыс тілінде жасалды.

## 4. ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

| | |
|---|---|
| **КЕАҚ «Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ»** | **«Carboflow» ЖШС** |
| Заңды мекенжайы: Ақтөбе қаласы, Ә. Молдағұлова даңғылы, 34 | Заңды мекенжайы:Ақтөбе қаласы, Тургенев көшесі, 98/1,25 |
| Нақты мекенжайы: Ақтөбе қ., Молдағұлова даңғ., 34 | Нақты мекенжайы:Маресьев көшесі 95А,офис 49 |

БСН 130 840 021 720
ЖСК KZ51 998M TB00 0056 6423
БИК TS ES KZ KA

Төраға – Басқарманың.
Ректор Карабасова Л.Ч .

«05» Наурыз 2024 ж.

БИН 061240006128
ИИК KZ98601A121001716431
БИК HSBKKZKX

Директор ________________

« 05 » марта 2024 г.